

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Пакистан Ислам Республикасы Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы Келісім

Келісім, Исламабад қ., 1992 жылғы 24 ақпан

*** Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 72-құжат.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пакистан Ислам Республикасының Үкіметі (бұдан былай "Уағдаласушы Жақтар") екі ел арасында ғылыми-техникалық ынтымақтастық орнату талабын білдіре келіп, мына төмендегілер туралы осы келісімді жасады:

1-бап

Уағдаласушы Жақтар ғылыми-техникалық және экономикалық буындарда тәжірибе алмасуға өздерінің мүмкіндіктеріне қарай өзара жәрдемдесе отырып, ғылыми-техникалық салада:

- а) ғылым мен техниканың барлық мәселелерінен консультация мен жәрдем беруді қамтамасыз ету үшін сарапшылар мен басқа мамандардың көмек көрсетуі;
 - б) ғылыми-техникалық кадрларын оқытуға қаржыдай жәрдем беру;
 - в) ғылым және техниканы жоспарлау мен ұйымдастыру ісімен танысу мақсатымен қысқа мерзімге баратын ғылыми делегациялармен алмасу, конгрестерге, симпозиумдар мен басқа да ғылыми шараларға қатысу;
 - г) техникалық көмек көрсету және ғылыми және техникалық хабарламамен алмасу;
 - д) ғылыми орталықтар мен лабораторияларды ұйымдастыруға және жабдықтауға қатысу және ықпал ету;
 - е) бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және техникалық дамудың бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру;
 - ж) өзара келісілген шарттармен технологиялар беру;
- з) екі жақтың Уағдаласушымен ынтымақтасудың осы бапта көрсетілгеннен басқа да әдістері мен құралдары жолымен ынтымақтасады.

2-бап

Осы келісімнің шарттарына сәйкес бағдарламаларды, жобаларды жасаудың шарттары мен ынтымақтастықтың түрлерін айқындау және олардың егжей-тегжейі бастапқы делегация алмасуынан кейін пысықталады. Бұл ретте елдер арасындағы Арнайы Протоколдар қажет болған жағдайда шамамен әрбір 2-3 жылда ресімделеді

және кәдігүнгі дипломатиялық арналар арқылы талқыланады. Мұндай кездесулер үшін екі жақтың өкілдері немесе делегациялары ынтымақтастықтың ғылыми-техникалық бағдарламаларын түпкілікті жасап бітіру үшін және әрбір Арнайы Протоколда көзделген кезеңге арналған бағдарламаларды жүзеге асырудағы бірлескен қызмет жетістіктерінің барысын қарау үшін екі ел астаналарында кезекпен жолығысады.

Уағдаласушы Жақтар өз елдерінің қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жоғарыда аталған Арнайы Протоколдарда көзделген бағдарламаларды, жобаларды және бірлескен қызметті жүзеге асыруға өз елдерінің жеке меншікті ұйымдары мен мекемелерінің қатысуына ықпал ете алады.

3-бап

Екі жақ өздерінің мүмкіндіктеріне қарай келісім шеңберінде ғылыми қызметкерлердің жұмыс істеуі үшін өз территориясында қажетті жағдайлар туғызады. Мұндай жағдайлардың егжей-тегжейі Арнайы Протоколдарға қол қойылған кезде талқыланады және келісіледі.

4-бап

Осы келісімде белгіленген тапсырмаларды орындайтын мамандар қабылдаушы елдің заңдары мен ережелерін сақтауға тиіс. Олар берілген тапсырмаларды мерзімінде орындап, қабылдаушы жақтың келісімінсіз басқа істерге араласпауға міндетті.

5-бап

Әрбір Жақ осы келісімді жүзеге асыру процесінде алынған жаңа хабарламаны басқа жақтың алдын-ала келісімінсіз үшінші жаққа жеткізбеуге міндеттенеді.

6-бап

Келісім шеңберіндегі бірлескен ғылыми-техникалық жұмыс нәтижесінде алынған өнертабыстар екі елдің бірлескен меншігі болып танылады және әрбір елде қолданылатын шарттарға сәйкес екі мемлекет тарапынан патенттелуге тиіс. Әрбір үкімет келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың нәтижелері туралы басқа үкіметтің келісімінсіз үшінші елге немесе ұлтаралық ұйымға хабарлама бермеуге міндеттенеді.

7-бап

Әрбір Уағдаласушы Жақ осы келісімге сәйкес оның территориясында жұмыс істейтін және оның жалақысын екінші жақ төлейтін басқа жақтың азаматтарын табыс салығын және басқа да салықтарды төлеуден босатады. Қазақстан Республикасының

мамандарына кедендік жеңілдіктер Пакистанда өз миссиясын атқарып жүрген пұрсатты адамдарға және олардың отбасыларына өзаралық негізде жасалып отырған кедендік жеңілдіктерге сәйкес белгіленеді.

8-бап

Осы келісімге қосымшалар мен өзгерістер екі жақпен келісіліп енгізіледі.

9-бап

Осы келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады. Егер келісімнің қолданылу мерзімінен үш ай бұрын Уағдаласушы Жақтың бірі оны бұзу туралы өз ниетін жазба түрінде білдірмесе, ол өздігінен осынша мерзімге ұзартылады.

Исламабадта 1992 жылғы 24 ақпанда орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі екі текстің күші бірдей.

(Қолдары)